# Адамның өмірлік мақсаты

Әр адамның өзінің алға қойған мақсаты болады. Әрине сол мақсатқа жету үшін көп еңбектену қажет. Оқуыңды жақсы оқысаң, алға қойған мақсатыңа да жетесің. Ең алдымен адам баласы өзінің ата-анасының жылы алақанында туылып бой жеткен соң, өз өмірін сүре бастайды. Бала кезінен армандап, алға мақсат қойып, сол мақсатына ұмтылса ~~ол~~ мақсаттары орындалуы мүмкін.

Менің алға қойған мақсатым оқуымды жақсы бағамен бітіріп, қалаған мамандығыма түсіп, ата-анамның ~~үмітін~~ үмітін ақтау, себебі: менің ата-анам кішкентай кезімнен «шырылдақам» жарығым айтып, әлпештеп, қарным ашса дәмді ~~тамақтар~~ ас беріп, тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай аялап өсірген, ~~ана~~ анамыз мені тоғыз ай, тоғыз күн жүрегінің астында аман есен сақтап осы керемет жарық дүниеге алып келген. Мен ата-анамның алдында мәңгілік қарыздармын, әр жас өспірімнің мақсаты осылай деп ойлаймын. Әрине мақсатына жету оңай емес себебі: қаншама еңбек, қаншама тер төгесің. Мен өз ~~мақсатыма~~ армандарымның орындалуына, ата-анамның үмітін ақтау үшін барлығына дайынмын. Кейбір жас өспірімдер өз мақсаттарына жете алмаған соң тоқтап кетуде, менің ойымша ол дұрыс емес ~~себебі~~ армандаған затыңа соңына дейін жету қажет, өйткені бұл жай ~~арман~~ мақсат емес ол сенің алдағы өмірің. ~~Егер~~ Егерде сен өз мақсатыңды аяқ астында тоқтап кетсең



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Оған сенің армандарыңда аяқ астында қалды деген сөз.
"Оқу инемен құдық қазғандай" деген мақал-мәтел бекер айтылмаған. Барлығы оқуға байланысты. Ол себепті ең бастысы оқу. ~~Барлығына~~ Бастаған ісіңді соңына дейін апару ~~керек~~ қажет армандадың ба, алға мақсат қойдың ба соңына дейін апар.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ